

№12 тақырып. Мемлекетті басқарудағы ақпараттық технология

Мақсаты: Студенттерді ҚР-ның «Электрондық үкімет» құру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндеттерімен, мемлекеттік органдарда ақпараттандырудың қазіргі жағдайының анализі мен бағдарламаны іске асыру тетігі және оның негізгі бағыттарымен таныстыру.

Оқытудың міндеті: «Электрондық үкімет» даму бағдарламасының негізгі термині мен бағдарламаны іске асыру тетігі және «Электрондық үкімет» түсінігіне кіріспе.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технология түсінігі.
2. Мемлекеттік басқару тиімділігі және АКТ.
3. Электрондық үкімет (ЭҮ) анықтамасы.
4. Электрондық үкімет дамуының пайда болу концепциясы.
5. 2005-2007 жылғы ҚР-ның «Электрондық үкімет» құру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері.
6. «Электрондық үкімет» құру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру тетігі және оның негізгі бағыттары.
7. Қазақстанда АКТ-ның мемлекет басқаруға енгізілу үшін оның функционалдық жүйесі мен нормативті құқықтық негізі. Қазіргі кездегі заңдастырылған қорлар.
8. «Электрондық үкіметтің» инфрақұрылымы.
9. Әкімшілік реформа және мемлекет басқару жүйесінің реинжинирингі.

Қысқаша теориялық блок

Ақпараттық –коммуникациялық технология (АКТ)– Information and Communication Technologies (ICT) –тұтынушының ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату, бейнелеу және пайдалану мақсатында біріккен әдістер, программалық-техникалық құрылғылар және өндірістік үрдістер жиынтығы.

Ақпараттық және коммуникациялық технологияның (бұдан былай - АКТ) дамуы мен кеңінен қолданылуы бұл соңғы он жылдағы ғылыми-техникалық революция мен әлемдік дамудың ауқымды тенденциясы болып табылады. АКТ пайдалану бәсекелес экономиканы көтеру үшін, әлемдік жүйедегі оның мүмкіндіктерін кеңейтуге, жергілікті басқару мен мемлекеттік басқарудың тиімділігін жоғарылату үшін шешуші роль атқарады.

Эксперттердің жобалауынша, мемлекеттік басқаруға ақпараттық-коммуникациялық технологияның (АКТ) енгізілуі экономиканың дамуын тездетеді, бюрократиялық үрдістер шығыны азаяды, мемлекеттік ведомстволардың еңбек өнімділігі мен жұмыстарының тиімділігін арттырады және азаматтық қоғамды қалыптастыруда әртүрлі реттегі ақпараттарды алуда халықтың мүмкіндіктерін кеңейту, мемлекеттік қызметтерді тиімді етіп құру, бюрократиялық барьерлердің әлсіреуіне әкеледі.

Мемлекеттік басқарудың функцияланған жүйесінің тиімділігі келесі бағыттар бойынша анықталуы мүмкін:

- ✚ мекемелер мен азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынас;
- ✚ мекемелердің ішкі жұмыстары;
- ✚ билік ұйымдарының бір-бірімен өзара қарым-қатынасы;

Ақпараттық коммуникациялық технологияның енуі азаматтар мен мекемелердің мемлекеттік билік ұйымдарымен өзара қарым-қатынасының тиімділігін арттырады. Билік ұйымдарының жұмысы туралы ақиқат, оперативті, толық өзекті ақпараттар веб-сайтта жазылған. Бұл азаматтар мен қажетті ақпараттарды іздеуді қысқартады, мемлекеттік қызметкерлердің ақпараттарды түсіндіруге кететін уақыттарын азайтады, сонымен қатар көптеген кететін қателерді азайтады.

Сонымен бірге азаматтар мен мекемелер Интернеттің көмегі арқылы сұраныс жіберіп және анықтамалар ала алатындай мүмкіндіктері, мемлекеттік басқару ұйымына қарастырылған заң бойынша есеп бере алатындай болуы керек. Бұл үшін сұраныстардың жағдайын тексеріп отыру керек.

АКТ негізінде «бір терезе қағидасы» деп аталатын барлық деңгейдегі ұйымдармен өзара қарым –қатынасы бір нүкте арқылы енеді.

АКТ енгізуде тікелей экономикалық эффект байланысты:

- ✚ бұрынғы сақталынған құжаттарға қатысты ауданды босату;
- ✚ құжаттармен жұмыс істеуде қызметкерлердің қысқару санымен;
- ✚ мемлекеттік басқару ұйымдарының бизнес-үрдістерінің орындалу уақытының қысқаруымен;

АКТ-ның енгізілуіндегі үлкен мәнге ие:

- ✚ қабылданатын шешімдердің сапасының жақсаруы;
- ✚ азаматтардың билікке сенімділігінің артуы;
- ✚ билік ұйымдарын қамтамасыз етуге қосымша қоғамның ұсталынымдарының төмендеуі.

Қазіргі уақыттағы ақпараттық–коммуникациялық технология азаматтардың қызығушылығына бағытталған электрондық үкімет құруға мүмкіндік береді.

Электрондық үкімет құру тарихы ақпараттық технологияның дамуымен қатар жүріп келеді. «Электрондық үкімет» подразумевае ақпараттық технологияны қолданумен, оның ішінде Интернетті, мемлекеттік ұйымдармен, мемлекет азаматтарымен және жеке бизнеспен өзара электронды қажет құрылғы .

«Электрондық мемлекет» термині - *e-Government* ақпаратты өңдеу, жіберу және таратудың электронды құралдары негізінде (Интернет, телефон, факс, кіру орталықтары, желісіз құрылғылары және басқа коммуникациялық жүйелер.) мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру, мемлекеттік органдардың барлық салаларының барлық азаматтарға электронды құралдар көмегімен қызмет көрсету, сол құралдар арқылы мемлекеттік органдардың жұмысы туралы азаматтарды ақпараттандыру.

Мемлекеттік басқару концепциясы ақпараттық–коммуникациялық технология мүмкіндіктеріне және ашық азаматтық қоғамның бағалануына бағытталған ақпараттық қоғамға арналған. Азаматтардың қажеттілігіне, экономикалық тиімділігіне, қоғамдық бақылау және ашықтығына бағытталады. Коррупция және бюрократиямен күрестің бірден-бір тәсілі, сонымен бірге арнайы құрылыммен қамтамасыз етеді. **Электрондық үкіметтің** анықтамасын мамандар әр түрлі береді. Кейбір авторлар **описательные** анықтамаларды қолданады- қоғамда оның жеке құрылымдарында электронды үкіметтің енуінің арқасында қандай өзгерістер еніп жатқандығын айтады. Кейбіреулер электронды үкіметтің қолданбалы аспектісін, яғни оның жеке инструменттерінің әртүрлі қолдануларын санайды. Сонымен бірге мемлекетті басқарудың максималды тиімділігіне бағытталған экономикалық анықтамасы бар.

Электронды үкіметтің функцияларының анықталған аспектісін бейнелейтін болғандықтан, әр қағида ақиқат. Осы терминнің келесі кейбір талқылауларын қарастырамыз. Сонымен электрондық үкімет келесі түрде анықталады:

- Ақпаратты өңдеу, жіберу және таратудың электронды құралдары негізінде мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру, мемлекеттік органдардың барлық салаларының барлық азаматтарға (зейнеткерлер, жұмысшылар, бизнесмендер, мемлекеттік қызметкерлер және т.б.) электронды құралдар көмегімен қызмет көрсету, сол құралдар арқылы мемлекеттік органдардың жұмысы туралы азаматтарды ақпараттандыру.
- Ақпараттық–коммуникациялық технологиялардың қолдануымен мемлекеттік билік пен қоғамның ақпараттың өзара әсерлесуін білдіретін метафора.
- Негізгі міндеттері келесідей болып табылатын автоматтандырылған мемлекеттік қызмет орындары: барлық қажетті мемлекеттік ақпаратқа азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету, салық жинау, жол көліктері мен патенттерді тіркеу, қажет ақпарат беру, келісімдер жасау және мемлекет аппараттарына керекті жабдықтарды жеткізу. Бұл шығындардың төмендеуіне және мемлекет аппараттарының қызметін қаржыландыруға кеткен салық төлеушілердің қаржысын үнемдеу, басқару органдары қызметінің айқындылығы мен ашықтығын ұлғайту.

Мемлекет басқару органдарында жаңа, соның ішінде интернет технологиялар қолдану.

Электронды үкімет бағасының тәсілдері, оның мүмкіндіктері, ақпараттық технология сферасында мамандардың таңдауымен, мемлекеттік басқару, социалды үрдіс, экономикалық дамуы, көптеген орындаушылардың – мемлекеттік шенеуніктермен таралады.

«Электронды үкімет» жүйесі үш негізгі компоненттен тұрады:

- **Азаматтарға бағытталған компонент:** мемлекеттік ұйымдармен азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынас (халықаралық термин бойынша G2C). Азаматтарға үкіметтік қызметтерді пайдаланудың жылдамдығын ұлғайту. Азаматтар үшін кез келген ведомство, кез келген қызмет немесе ақпарат ашық. яғни сұраныстардың орындалу жылдамдығын көтеру және сол сұраныстардың орындалу уақытын азайту.

- **Дербес секторға арналған компонент:** мемлекеттік ұйымдар мен дербес секторлар арасындағы қарым-қатынас (халықаралық термин бойынша G2B), өзара қарым-қатынаста қағаз құжаттарды пайдалану қажеттілігін азайту, осылайша қажетті ақпаратты жинау мен өңдеуді тездету. Қызметтерді ұсынуда біріккен жүйе құру үшін мемлекеттік ұйымдар коммерциялық мекемелермен бірігіп өздерінің каналдарын бере алады. Жақсарған технологияны пайдалана білуі арқасында мемлекеттік сатып алулар ашық түрде өтетін болғандықтан мемлекет шығыны азаяды. «Үкімет-бизнес» модулі қалыпты процедуралардың бірі декларация немесе несиені рәсімдеуді ғана жеңілдетпейді, негізгі оның функциясы - қысқарту, жеделдету және үрдісті автоматтау арқасында азаматтарға өзінің жеке бизнесін құруға мүмкіндік береді. Өйткені жеке капитал тек экономика, әлеуметтік, мәдениеттің, техниканың және ғылымның дамуы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің дамуы үшін негізгі күш болып саналады.

- **Мемлекеттік басқару ұйымдарына негізделген компонент:** (халықаралық термин бойынша G2G) АКТ көмегінің арқасында әртүрлі мемлекеттік басқару органдарының біртұтас корпоративтік желідегі деректерінің интеграциясына, құжат айналымын оптимизациялау мен шешімдерді қабылдау және олардың орындалуының механизмін арттыру мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуінің жоғарылауына әкеледі.

Осы үш модуль азаматтардың, топтардың, қоғамның әлеуметтік белсенділігін арттырады. Жүйе іске асқан сайын бюрократия азаяды, кезекке тұрып, қағаз жинау жойылады, азаматтардың апталар, айлар бойы жасайтын рәсімдеу жұмыстары минуттар яки сағаттарда бітетін болады. G2C модулі жалпы портал арқылы қажет құрылымның бетіне оңай шығуға мүмкіндік береді, G2B модулі келісім мен лицензияларды, несие және жеңілдіктерді, G2G модулінің ресурсының формаларын толтырып, уақыт кетірмей-ақ қажет мамандарға шығып оңай жүзеге асыруға болады. Әркімнің өзінің жеке әлемінде, электронды интерфейспен жабдықталған, керек сұрақтарының шешімін табу үшін керемет жағдайлар.

Басқа модулдердің де бір-біріне әсері қалмайды (дербес жағдайда, B2B(бизнес бизнеске), B2C (бизнес азаматқа), C2B (азамат бизнеске)). Бұл электронды үкімет модулі емес, ақпараттық – коммуникациялық технологияның көмегімен, адамның біліміне, шығармашылығына негізделген мүмкіндіктері арқылы әлеуметтік формадағы-ақпараттық қоғамға негізделген.

Кейбір мемлекеттерде азаматтар Интернет арқылы, мысалы, автотранспортын тіркеуге, жүргізуші куәлігінің лицензиясын ұзартуға, кезекке тұрмай-ақ салық төлейтін мекемелерге бармай-ақ салық төлеуге болады. Бұл азаматтарды басқару процестеріне және саясатқа деген көзқарастарының өзгеруіне алып келеді. Қоғамда бюрократияның позициясы әлсірейді, коррупция азаяды, іс жүргізу құжаттарының айналымы мемлекеттік машинаның қатардағы функциясы болып қалады. Дәстүрлі басқарудан

электронды басқаруға өтудің ақырғы стадиясы бұл кез келген басқару ақпараттарын табуға болатын бірыңғай веб-порталдың бар болуымен сипатталады. Барлық басқару қызметтері он-лайндық тәртіпте және әкімшілік жағдайда электронды түрде, яғни қағаз түрінде болмайды. Мамандар электронды үкіметтің бұл стадиясын практикалық түрде мүмкін емес деп ойлайды. Осы стадияға жетуге екі мемлекет (Ұлыбритания және Сингапур) ұмтылуда.

Бірақта финалдық стадияға жете алмаса да электронды үкімет басқару үшін де, қоғам үшін де өзінің артықшылығы бар.

«Электрондық үкіметке» ену- бұл өте күрделі ұйымдастырылған, ұйымдастырушылар күші мен көптеген қаржылық шығынды қажет ететін, экономикалық, технологиялық және социалды үрдіс.

Бұл істегі жеңіс нақты стратегия мен әр кезеңде дұрыс жүргізілген тактика, барлық қатысушылардың әр түрлі деңгейдегі оның ішінде заң шығарушы, орындаушы және сот билігіндегілердің, дербес сектордың, қоғамдық, білім беру мекемелерімен және азаматтардың өзара байланысы. Сонымен бірге бір бірімен байланысқан саяси, құқықтық, техникалық және ұйымдастырылған сұрақтар үшін бүтін комплексті шешу, қаржыландыру көздерін анықтау, мамандарды оқыту керек.

Қазақстанның ақпараттандыру және байланыс агенттігі е-үкіметті құруда Оңтүстік Корея, Сингапур, Италия, Германия және Эстонияның тәжірибелерін қарастырды, содан кейін барып мамандардың көмегімен Қазақстанда «электронды үкіметті» қалыптастырудың Мемлекеттік бағдарламасы жасалды.

Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 маусымдағы отырысында N 9 хаттамамен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы "электрондық үкімет" тұжырымдамасының ережелері ескеріле отырып әзірленді.

Осы Бағдарламаның негізіне "электрондық үкімет" арқылы - прогрессивті ақпаратты Қазақстанға қол жеткізу идеясы алынды.

Қазақстанда "электрондық үкіметті" қолданысқа енгізу мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдарға ұсынатын қызмет көрсетулер сапасын жақсартуға және мерзімін қысқартуға, мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық базасына қолжетімділікті қамтамасыз етуге, болашақта әкімшілік жүйені жетілдіруді ескере отырып, құрамы жағынан тиімді әрі оңтайлы мемлекеттік аппарат құруға бағытталған.

"Электрондық үкімет" құрудың басты басымдықтары Интернет-байланысқа қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім деңгейін көтеру, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесіне жаңғырту жүргізу болып табылады.

Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуді қалыптастыру кезінде әкімшілік процестерге технологиялық қайта жабдықтау жүргізу көзделетін болғандықтан, "электрондық үкімет" құру сонымен қатар мемлекеттік басқару жүйесін ұдайы жетілдіріп отыруға мүмкіндік береді.

Осы Бағдарламада жағдайлар жасауға және "электрондық үкіметтің" мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға бағытталған шаралар көзделеді, олар мынадай шешуші сәттерге шоғырландырылатын болады:

1) "электрондық үкімет" пен оны пайдаланушылардың жұмыс істеуін реттейтін нормативтік құқықтық базаны дамыту.

Бұл тұрғыда "электрондық үкімет" құру мемлекеттік қызмет көрсетулер регламенттерін талдауды көздейді, мұның өзі әкімшілік рәсімдерге технологиялық қайта жабдықтау жүргізу мен мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тетіктерінің бірі болып табылады;

2) халықты "электрондық үкімет" мүмкіндіктеріне тарту, яғни білім алу және ақпарат теңсіздігін еңсеруге, электрондық іс-қимыл рәсімдерін орындау мен халықтың қалың жігі үшін "электрондық үкімет" қызмет көрсетулеріне қолжетімділікті ұйымдастыру үшін қоғамды қажетті білімділік деңгейімен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды іске асыру қажеттілігі;

3) мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде әкімшілік процестерді стандарттау мен нысандандыруды, сондай-ақ мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мен басқарудың бірыңғай саясатын әзірлеу мен іске асыруды білдіретін мемлекеттік органдарды ақпараттандыру.

"Электрондық үкіметтің" инфрақұрылымын қалыптастыру екі өзара байланысты, бірақ функциялық дербес контурларды іске асыру жағдайында мүмкін болады. Ішкі контур "Үкімет-Үкімет" үлгісіндегі өзара қарым-қатынастарды қамтиды және ведомствоаралық әкімшілік рәсімдерге қызмет көрсететін ақпараттық жүйелерді құрайды.

Сыртқы контур "Үкімет-азаматтар" және "Үкімет-ұйымдар" үлгісіндегі өзара қарым-қатынастарды қамтиды және мемлекеттің азаматтармен және ұйымдармен өзара іс қимылын қамтамасыз етеді.

Бағдарламада Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі ережелері ескеріледі және салааралық сипатта болады.

Е-Үкіметті қалыптастыру мен қолдауды ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-талдау және кадрмен қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілердің компьютерлік біліктілігін арттыру семинарлары мен курстарын өткізу мақсатында е-Үкіметтің құзырет орталығы құрылады.

Ақпараттық теңсіздікті еңсеру мақсатында мынадай іс-шараларды іске асыру жоспарланады: консультациялық орталықтарды, компьютерлік курстарды қоса алғанда, компьютерлік сауаттылыққа оқытып-үйрететін жалпыға қолжетімді пункттер құру; жалпы білім беретін мекемелердің Интернетке сенімді әрі арзан қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызмет көрсетулерге жылдам әрі сапалы қолжетімділігін қамтамасыз ету және АКТ-ны кеңінен қолдану арқылы мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру болып табылады. Аталған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді орындау керек:

1. мемлекетке, азаматтар мен ұйымдарға ақпараттық қоғам жағдайларында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық және әдіснамалық база құру;
2. мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулерін қалыптастыру мен дамыту;
3. е-Үкіметтің қызмет көрсетулеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық теңсіздікті жою және АКТ саласында білім деңгейін арттыру жөнінде жұмыстар ұйымдастыру;
4. е-Үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас бөліктерін қалыптастыру және мемлекеттік органдардағы ақпараттық инфрақұрылымды оңтайландыру;
5. е-Үкіметтің ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламаны іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1. Нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жетілдіру

Нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді дамыту қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ету, е-қызмет көрсетулерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, құзыретін белгілеу, сондай-ақ е-Үкіметтің жұмыс істеу жағдайларында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру бөлігінде ақпараттандыру саласындағы қатынастарды реттеуге бағытталатын болады.

Нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асыру жүйелілік, объективтілік және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының нормаларына сәйкес принциптері бойынша жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік органдардың е-қызметтер көрсетуі үшін құқықтық негіз қалыптастыру мақсатында ақпараттандыру саласындағы әртүрлі аспектілерді реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына талдау жасау жүзеге асырылатын болады және е-Үкіметтің жұмыс істеу тәртібі мен жағдайларын айқындайтын нормативтік құқықтық актілер кешені әзірленеді.

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында е-қызмет көрсетулерді қалыптастыру кезінде мемлекеттік қызмет көрсетулер мен әкімшілік процестерді жүзеге асыру регламенттеріне талдау жүргізілетін болады, соның негізінде тиісті нормативтік құқықтық актілер әзірленеді.

Базалық құрамдас бөліктер мен ведомстволық ақпараттық жүйелерді құрған кезде бірыңғай көзқарасты жүзеге асыру және олардың үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректері мен сервистерін ықпалдастыру бірыңғай тетігін қамтамасыз ететін ұлттық технологиялық стандарттар әзірлеуді және/немесе халықаралық технологиялық стандарттар қабылдауды көздейтін е-Үкімет инфрақұрылымының бірыңғай әдіснамалық базасы әзірленетін болады.

2. Мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулерін қалыптастыру мен дамыту;

3. е-Үкіметтің қызмет көрсетулеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық теңсіздікті жою және АКТ саласында білім деңгейін арттыру жөнінде жұмыстар ұйымдастыру;

4. е-Үкіметтің инфрақұрылымының базалық құрамдас бөліктерін қалыптастыру;

Е-Үкімет инфрақұрылымының жұмыс істеуі оның базалық құрамдас бөліктерін құруға негізделетін болады, оларға е-Үкіметтің порталы мен шлюзі, "төлемдік шлюз", ұлттық бірегейлендіру жүйесі, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы жатады.

Е-Үкіметтің бірыңғай сәулетін құру мақсатында е-Үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас бөлігін қалыптастыру бойынша техникалық тапсырма әзірленетін болады.

Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің техникалық құралдары мен ведомстволық ақпараттық жүйелердің резервтік орталықтарын орналастыру үшін серверлік орталық ғимаратын салу аяқталады және оны технологиялық жарақтандыру жүзеге асырылатын болады.

5. Ведомствоаралық және үлгілік ведомстволық ақпараттық жүйелер құру және дамыту;

6. Жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін құру және дамыту;

7. Халықаралық стандарттар базасында е-Үкіметтің ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету;

Мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулер ұсынуы ақпаратты қорғау үшін белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылатын болады, ол ақпараттың жоғары деңгейде қорғалуын және е-қызмет көрсетулерді пайдаланушылардың сенімін қамтамасыз етеді.

Осы мақсатта базалық құрамдас бөліктерге, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қойылатын техникалық талаптар ескерілетін е-Үкімет инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігі тұжырымдамасы әзірленетін болады. Тұжырымдамада құрылымды жетілдіру, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелер қауіпсіздігін материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз ету мәселелері көрініс табатын болады.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде ақпаратты қорғау саласындағы ұлттық стандарттар әзірленеді және/немесе халықаралық стандарттар қабылданатын болады, оларға сәйкес е-Үкіметтің ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар айқындалатын болады. Е-Үкімет инфрақұрылымының құрамдас бөліктерін қалыптастыру аяқталуына қарай олардың әрқайсысы үшін қауіпсіздік саясатын айқындайтын нормативтік құжат әзірленеді.

Ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қорғау жөніндегі үлгілік жобалық шешімдер әзірленетін болады, олар е-қызмет көрсетулерді жобалау сатысында ақпараттардың қорғалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

"Open source" (бағдарламалық қамтамасыз етуді түрлендіруге және еркін пайдалануға құқық беруші, компьютерлік бағдарламаларды лицензиялауды әзірлеу әдістемесі) технологиясы базасында қорғалған ұлттық операциялық жүйені құру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жоспарланып отыр.

Е-Үкімет инфрақұрылымының сапалы әрі сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында нормативтік актілерге, тұжырымдама талаптарына және ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкестігін сертификаттау жүйесі құрылатын болады. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған техникалық тапсырмаларды келісудің бірыңғай тәртібі айқындалатын болады.

Интернеттің қазақстандық сегментінің домен кеңістік мемлекеттік реттеу домендерді бөлудің бірыңғай тәртібін белгілеу және kz доменін басқару орталығын құру жөніндегі жұмыстарды жүргізу арқылы қамтамасыз етілетін болады.

8. Бағдарламаны орындауда қоғамдық қолдауды қамтамасыз ету.

Бағдарламаны орындау іс-шаралар жоспарын және салалық, өңірлік ақпараттандыру бағдарламаларын іске асыру жолымен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді Қазақстан Республикасы

Үкіметінің тиісті қаулысымен құрылған ведомстволарлық комиссия жүзеге асыратын болады.

Бағдарламаны бақылау мен іске асыруды ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті орган, ал салалық және өңірлік ақпараттандыру бағдарламаларын бақылау мен іске асыруды тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын болады.

Бағдарламаның іс-шараларын орындау кезінде бірыңғай техникалық саясатты іске асыру мақсатында ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторға е-Үкімет инфрақұрылымының жүйелік ықпалдастырушысының функциялары, сондай-ақ ведомстволарлық ақпараттық жүйелер, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы жобаларын басқару және техникалық сүйемелдеу функциялары жүктелетін болады.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның жанында ұйымдастыру мен әдістемелік міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың ақпараттық қызметтері басшыларының кеңесі ұйымдастырылатын болады.

Жеке ақпараттандыру қызметтері жоқ мемлекеттік органдарда АКТ-ны енгізу процестерінің сапалы түрде жоспарлануын қамтамасыз ету үшін ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператордың өкілдерінен тұратын тиісті бөлімшелер құрылатын болады. Бұл бөлімшелердің негізгі міндеті мемлекеттік органды ақпараттандыру кезінде бірыңғай техникалық саясатты жүргізу, ал қажет болған жағдайда қолданыстағы жүйелерді әкімшілендіру және жүйелік-техникалық қызмет көрсету болып табылады.

«Электронды үкімет»- бұл Интернеттің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, көрсетілетін қызметтер ақпараттық және коммуникациялық технологияның көмегімен, ішкі үрдістерді қалыптастыруда және мемлекетті басқарудағы сұрақтар қоғамның қатысуымен болатын мемлекеттік ұйымдардың ішкі және сыртқы қатынастарының жаңа жүйесі.

"Электрондық үкіметтің" инфрақұрылымы азаматтарды осы ресурстарға регламентпен кіре алатын ақпаратты қызметтер жүйесі мен мемлекеттік ақпараттар ресурсының бірігуі.

Электронды үкіметті қалыптастыру концепциясы келесі негізгі есептермен шешіледі:

1. Интернетте арнайы сайттар құру және оны өзекті арнайы ақпараттар мен толтыру. Міндетті ақпараттарға (кейбір мемлекеттердің осындай сайттарының мазмұны сияқты) жалпы, мемлекеттік мекемелердің анықтамалық және байланыс ақпараттары, статистика, мемлекеттегі болып жатқан оқиғалар, заңдар және нормативті актілер, үкіметтің есебі, мемлекеттік мұрағат мазмұны болады. Сайтта сонымен қатар мыналар болуы мүмкін:

- ◆ жоғарыда тұрған мекемелердің құжаттарына құжаттар немесе сілтемелер;
- ◆ жарияланған мекемелер мен оның функцияларына сәйкес өзекті материалдар;
- ◆ типтік жағдайларына байланысты жеке және заңды тұлғаларға **рекомендация** беру;

2. Мемлекеттік мекемелерге қатысты сұрақтарға тез және жылдам жауап алуға, мемлекет пен азаматтар арасында өзара қарым-қатынасты қысқартуға қатысты интерактивті қызметтер құру. Көп мемлекетте дамыған осындай қызметтердің біріне салық декларацияларын құру және беру, өтініштер беру, мемлекеттік сатып алулар үшін электронды сауда алаңдарын құру болып табылады.

Келесі қызметтер ұйымдастырылуы мүмкін:

- ◆ мемлекеттік басқару ұйымдары мен азаматтардың өзара қарым-қатынасына қатысты туындайтын әртүрлі жағдайларға қажетті құжаттардың үлгілерін беру;
- ◆ айыппұл төлеу;
- ◆ әлеуметтік жеңілдіктерге қатысты анықтамалар;
- ◆ мемлекеттік мекемелерден жұмыс іздеу;
- ◆ сертификаттар мен келісімдерді беру,
- ◆ дәрігердің қабылдауына жазылу;
- ◆ қашықтан оқыту қызметтерін беру,

- ◆ сайлаушыларды тіркеу.

Азаматтармен кері байланыспен тиімді жүйе құру. Бұл азаматтар үшін құрылған электронды пошталық жәшіктер деп аталады, ашық және жабық интернет-форумдар, дауыс беру жүйесі және әлеуметтік сұраныстар.

Электронды үкіметті қалыптастыру үшін келесі қағидаларды орындау қажет:

- ✓ Интернетте орналастырылған, кез келген санаттағы азаматтар кіріп оқи алатындай жоғары сапалы ақпараттар;
- ✓ жоғары деңгейдегі компьютерлік дайындықтағы мемлекеттік қызметкерлер;
- ✓ мемлекеттік басқару ұйымдарының, мекемелердің қағидаларының қарапайымдылығымен бір-бірімен өзара қарым-қатынасы. Сондықтан да ведомствоаралық қарым-қатынас және ақпараттық алмасу үшін жалпы ұлттық стандарттар құрылуы керек.

Оқыту және сабақ беру әдістері: дискуссия

Әдебиеттер:

1. Қазақстан республикасында «Электрондық үкімет» қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдаламасы 10.11.2004ж.
2. Андронова, А. Николаев Электронное правительство в Европе и мире.
О. Андронова olga@ci.ru, А. Николаев, alnik@euresa.ru
3. Голобущий А. , О. Шевчук "Электронное правительство"
4. Информационные ресурсы Интернет: www.e.gov.kz, www.aic.gov.kz, www.gov.kz, www.e-govcompetence.ru, www.neweco.ru, www.e-russia.ru, www.e-rus.ru, www.e-government.ru, www.e.gov.uz
5. А.В. Гиглавый, Ю.М. Горностаев, В.И. Дрожжинов, С.Н. Сериков, А.А. Штрик. Под ред. В.И. Дрожжинова. - Совершенствование государственного управления на основе его реорганизации и информатизации. Мировой опыт. М.:Эко-Трендз, 2002.
6. Сб. статей под ред. Н.В. Борисова, Ю.Е. Хохлова - Развитие информационного общества в России. Том 1. Теория и практика: Спб.:Изд-воСПбГУ, 2001.
7. Сб. статей под ред. Н.В. Борисова, Ю.Е. Хохлова - Развитие информационного общества в России. Том 2. Концепции программы: Спб.:Изд-воСПбГУ, 2001.
8. Коцюбинский А. О., Грошев С. В. Современный самоучитель работы в сети Интернет. Быстрый старт. "Триумф". М. 1997

Бақылау

Сұрақтар:

1. ҚР «Электронды үкіметті» қалыптастырудағы Мемлекеттік бағдарламаның негізгі анықтамаларын айтыңыз?
2. Мемлекетті басқаруда ақпараттық технологияны ендіру тиімділігіне түсініктеме беріңіз?
3. Үкімет пен азамат арасындағы өзара қарым-қатынасқа түсініктеме беріңіз?
4. Үкімет пен жеке ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынасқа түсініктеме беріңіз?
5. Үкімет пен Үкімет арасындағы қарым-қатынасқа түсініктеме беріңіз?
6. Бағдарламаның мақсаты қандай?
7. Бағдарламаның міндеті қандай?
8. Қазақстандықтар үшін істелініп жатқан Ақпараттық технология саласында заңдастырылған негізгі нормативті құқықтық актілерді атаңыз.
9. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігін сипаттап беріңіз?
10. Бағдарлама бағыттарының актуалдығын сипаттаңыз.
11. Мемлекетті басқаруда реинжинирингке түсініктеме беріңіз.
12. Электронды үкіметтің ҚР азаматтарына, жеке ұйымдарға мемлекеттік аппаратына көрсетілетін қызметтерін атаңыз.
13. Әкімшілік реформа және мемлекет басқару жүйесінің реинжинирингі.

Сауалнамалар: «Мемлекетті басқарудағы ақпараттық технология» тақырыбын «Информатика» сауалнамалар жинағынан қараңыз.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Азаматтар, бизнесмендер, мемлекеттік аппараттар (G2G, G2B, G2C) арасындағы өзара байланыс схемасын сызыңыз.
2. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым схемасын сызыңыз.
3. 2005-2007 жылғы ҚР-ның «Электрондық үкімет» құру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндеттерін атаңыз.
4. «Электрондық құжат пен электрондық цифрлық қолдар туралы», «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын интернеттен іздеп табыңыз.
5. «Электрондық үкімет» инфрақұрылымның схемасын сызыңыз.